

Педагогикалық кеңесте
қаралды
«9» 10 2024ж.



Келісілді:

ІІНУ ректоры

Жылбаев Ж.О.

2024ж. «10» 10

Бекітемін:

Мектеп директоры

Егис И.Е.

2024ж. «10» 10

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ақсу білім беру бөлімі «Ақсу қаласының Ы. Алтынсарин
атындағы қазақ орта мектебі» КММ мен
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің бірлескен
8-11 сыныптарға арналған
«Ыбырай» педагогикалық сыныбы туралы
ЕРЕЖЕ**

Педагогикалық сынып туралы жалпы ереже

Жалпы ереже

1.1. «Ақсу қаласының Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» КММ туралы ереже ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының;

- ҚР 1997 жылдың 11 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңы;
- ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы;
- ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы негізінде жалпы білім беретін мектептердің білім беру бағдарламаларына қосымша әр түрлі деңгейдегі арнайы сыныптарды ашу туралы бабына негізделіп жасалды.

1.2. Сыныптарда оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Оқыту формасы – аралас, ҚО және дәстүрлі оқыту.

1.3. Сыныптарда оқыту 2 жылға негізделген.

1.4. Ақсу қаласының Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінде білім алушылар мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі іс-шараларға тартылады және каникул күндеріндегі біліммен тәрбие беру алаңдарында жұмыс атқара алады.

Мақсаты мен міндеттері.

2.1. Мектептің мақсаты:

Педагогикалық мамандыққа деген оқушының қызығушылығын арттыру, педагогикалық іс-әрекетке деген мотивациясын ояту, педагог мамандығының қазіргі қоғамдағы орны мен мамандыққа деген құрметті қалыптастыру.

2.2. Сыныптың міндеттері:

- Білім алушылардың орта арнаулы және ЖОО білім алуын жалғастыруына бағыт-бағдар беру;
- Білім алушылардың алғашқы педагогикалық – психологиялық білім мен дағдыларын дамыту;
- Білім алуды тереңдету, педагог мамандығына деген сүйіспеншілік пен қызығушылықтарын ояту, қатаң тәртіп ережесін сақтауға үйрету;
- Білім алушылардың бойында аморальды-психологиялық, іскерлік пен ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту;
- Білім алушылардың интеллектуалды, мәдени, адамгершілік қасиеттері дамыту;

- Сыныпта білім алушылардың орта арнаулы және жоғары педагогикалық оқу орындарына түсуге дайындық.

3.1. Сыныпты құру тәртібі.

- Педагогикалық сыныпта ерте жастан мамандыққа баулу мақсатында 8-9 сыныптар және негізгі мектепті бітірген болашақтағы мамандығын таңдаған 10-11 сынып оқушылары қабылданады.

3.2. Білім алушылар ағымдағы оқу жылында педагогикалық сыныпты тастап, басқа мамандық саласын таңдауға құқылы;

3.3. Педагогикалық сыныптарда бос орындар болған жағдайда алғашқы оқыту жылында қосымша білім алушы қабылданады;

3.4. Мектеп әкімшілігі білім алушылардың ата-анасы педагогикалық сыныптың ережесі мен оқыту үрдісіндегі оқыту пәндерімен таныстырады.

4.1. Оқыту үрдісін ұйымдастыру мен мазмұны.

- Педсыныптың білім алушылары педагогикалық тәжірибені бастауыш сыныптарында жүзеге асырады.

4.2. Педсыныптағы оқу-тәрбие үрдісі ППУ-ң арнайы біліктілігі мен санаты бар педагогтер жүзеге асырады.

4.3. Оқыту процесін бақылау педагогикалық сыныптың қызметін ұйымдастырушы педагог жүзеге асырады.

4.4. Тәрбие жұмысы жалпы білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі ретінде педсыныптың негізгі іс-әрекеті болып табылады.

4.5. Тәрбие процесі білім алушылар мен педагогтің бірлескен жұмысы негізінде педагогикалық, психологиялық, адамгершілік, эстетикалық және интеллектуалдық бағытта жүргізіледі. Тәрбие жұмысының негізгі формасы – әр білім алушымен жеке жүйелі және нәтижеге бағытталған болу керек.

4.6. Сыныптың білім алушылары мектепте ұйымдастырылған оқу-тәрбиенің барлық іс-шараларына белсенді түрде тартылу керек.

4.7. Педсыныпты аяқтаған білім алушы орта арнаулы және жоғары педагогикалық оқу орнына тура жолдама алады.

5.1. Педагогикалық сыныпта оқытын білім алушы құқылы.

- Оқыту мен тәрбие үрдісінде өз пікірін білдіруге;

- Жоғары деңгейде білім алуға;

- Жеке тұлға ретінде өзін құрметтеуге.

5.2. Педагогикалық сыныпта білім алушының міндеті.

- Тәртіпті болуға, мектеп ережесі мен тәртіпті сақтауға;

- Жеке жобаларды орындауға;

- Сабақтан тыс іс-шараларға қатысуға;

- Педагогикалық тәжірибені уақытында өтуге.